



Бекітемін : *Толыбаева Ш.Р.*
«Жолшы» бөбекжай-
бақшасы» МКҚК менгерушісі
Толыбаева Ш.Р.



Келісемін: *Бегалин Е.Б.*
Ойыл ауданының білім бөлімінің
басшысы Бегалин Е.Б.

**«Жасыл балабақша» пилоттық жобаның
жұмыс жоспары.**

Өткізу орны: Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, «Жолшы» бөбекжай –бақшасы» МКҚК

Жобаны құрастырушы: Жоламанова С.Б. - «Жолшы» бөбекжай-бақшасының әдіскері

«Жасыл балабақша» пилоттық жоба

Мақсаты:

- Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық санасын қалыптастыру, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге үйрету.

Жобаның міндеттері:

- Балалардың табиғат туралы танымдық түсініктерін дамыту;
- Өсімдіктер әлемімен таныстыру;
- Қоршаған ортаның тазалығын сақтау дағдыларын үйрету;
- Қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу негіздерін түсіндіру;
- Табиғат аясында экологиялық ойындар мен тәжірибелер ұйымдастыру.

Күтілетін нәтижесі:

- Табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті ерте жастан қалыптастыру.
- Экскурсиялар ұйымдастыру арқылы балаларды өсімдіктер әлемімен жақын таныстыру.
- Ерте жастан қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық тазалыққа бейімдеу.
- Экологиялық санасын қалыптастыру, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге үйрету.

Кезеңдері:

I кезең - Дайындық: (10-12. 2025 ж)

- Балабақша педагогтерімен пікір талас жүргізу.
- Ата-аналар отырысын ұйымдастыру.
- «Жасыл балабақша» пилоттық жобаның жоспарын құрастыру.

II кезең - Ұйымдастыру: Жобаны жүзеге асыру (01.2026ж-04.2027ж.)

- Экологиялық ойындар мен тәжірибелік сабақтар ұйымдастыру.
- Табиғатқа, жылы жәйларға экскурсиялар ұйымдастыру.
(жоба педагогтерінің жоспарларына және іскерлер сай іс-әрекеттер)

III кезең - Қорытынды: Жобаны талдау және жинақтау (мамыр 2027ж)

- Балабақша педагогтерімен қорытынды жүрізу.
- Ата-аналар отырысын ұйымдастыру.
- «Жасыл балабақша» пилоттық жобаны іске асыру бағытында атқарылған іс-әрекет жұмыстарын жинақтау және талқылау

Түсінік хат

Елімізде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту мақсатында және де қазіргі заман талабына сай, балаларға экологиялық білім мен мәдениет берудің маңызы зор. Экологиялық сананы қалыптастыру мектепке дейінгі мекеменің маңызды міндеттерің бірі болып табылады. Экологиялық білім беруді мектеп жасына дейінгі кезден бастау керек, өйткені бұл уақытта алған білім болашақта берік сенімдерге айналады.

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК да 2025-2027 оқу жыл аралығында «Жасыл балабақша» пилоттық жобасы іске қосылуда.

Бұл жоба арқылы біз балғындардың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін ерте жастан қалыптастыруға тырысамыз. Олар тек табиғатты бақылап, танымдық тәжірибе жасап қоймай, өздері сол процестің белсенді қатысушысы болады. Бүгінгі бүлдіршіндер – ертеңгі азаматтар. Олардың табиғатқа деген көзқарасы қандай болса, болашақта қоршаған ортаның жағдайы да сондай болмақ.

Табиғатқа жанашыр ұрпақ – ертеңгі саналы қоғамның кепілі.

Табиғатты қорғау әр баланың жүрегінен басталады!



«Жасыл балабақша» пилоттық жобасының орындалу кезендері

I КЕЗЕҢ: Дайындық кезеңі(қазан-желтоқсан 2025 ж)				
№	Іс- шара атауы	Мақсаты	Мерзімі	Жауаптылар
1.	«Жасыл балабақша» пилоттық жоба	Жобаның мақсатын, мазмұнын педагогтармен талдау. Шеберхана құру.	10.2025ж	Менгеруші Әдіскер
2.	Өзіннен баста! «Экологиялық тәрбиенің маңызы туралы көзқарас»	Ата – аналар мен кездесу ұйымдастыру. «Жасыл балабақша»пилоттық жоба туралы түсінік беру Ата – аналардың қолдауын қамтамасыз ету.	11.2025ж	Топ тәрбиешілері
3.	«Экологиялық кітаптармен танысу»	Аудандық орталықтандырылған кітапханаға барып, дерек көздерін жинақтау. Тәрбиеленушілерге бағыт, бағдар беру.	12.225ж	Топ тәрбиешілері
II КЕЗЕҢ: Ұйымдастыру (қаңтар – сәуір 2026ж - 2027ж)				
Балалармен жұмыс				
1.	«Пияз бен шөп»	Пияздың және шөптің бөлме жағдайында өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. Арам шөптерді жұлу арқылы оларға күтім жасау дағдыларын жетілдіру.	02.2026ж	Әдіскр Топ тәрбиешілері
2.	«Табиғатты зерттеушілер»	1.Зерттеу қызметі: Тәжірибелер, эксперименттержүргізу. 2. Табиғат туралы музыкалық шығармалармен танысу:	03.2026ж	Топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі
3.	«Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері»	Табиғат аясындағы тәртіп ережелері туралы түсінік беру. Балаларға әр – түрлі жағдайдан шығу жолдарын таба білуге ықпал жасау.Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Табиғатты аялауға, қорғауға, табиғат әсемдігін бағалай білуге тәрбиелеу.	06.2026ж	Әдіскр Топ тәрбиешілері
4.	«Экологиялық ойындар»	1. Рөлдік ойындар: «Біз экологиялық қаланы тұрғызамыз», «Гүлдер дүкені» 2. Ойын акциясы: «Біздің таза учаске»	08.2026ж	Әдіскр Топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі
5.	«Бақтағы дәрумендер »	Балаларға жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсіндіру, бау-бақшаға саяхатқа шығып, еңбекеуігіншітке тәрбиелеу.	09.2026ж	Әдіскр Топ тәрбиешілері Мейірбике
6.	Жердің несімін	біздің бақшамыз бізге не беретіндігі, мен не өсіре аламын, зиянкестер туралы түсінік беру.	10.2026ж	Әдіскр Топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі
7.	«Алтын жапырақ төккен күз»	Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын (жапырақтардың түсуі) бақылау Табиғат құбылыстарына	11.2026ж	Әдіскр Топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі

		танымдық қызығушылықтарын ояту.		
8.	«Эко декор»	Көрме: «Үйдегі қайта өңделген бұйымдар» коқыссыз өмір идеясы	12.2026ж	«Жолшы» МДҰ
9.	«Табиғатты барлаушылар»	Экологиялық жағдайлар: «Біздің қайың, шырша не туралы ойлайды?» (МДҰ аумағында)	01.2027ж	Әдіскр Топ тәрбиешілері
10.	Жасыл-әлем.	Маман микрофоны: Саяжайға бару.	02.2027ж	Топ тәрбиешілері
11.	Көктем келді- табиғат тірілді	Ертегілер әлеміне саяхат.	03.2027 ж	Топ тәрбиешілері Музыка жетекшісі
Ата-аналар мен жұмыс				
1.	Баққа айналған балабақша	Акция . Топтарға гүл тарту	01.2026ж	Топ тәрбиешілері
2.	Шағын істер- үлкен мағына	1. «Таза Қазақстан» акциясына үлес қосу. Көшеттер отырғызу. 2. Балабақша үлескісінде тазалық жұмыстары.	04.2026ж	«Жолшы» МДҰ
3.	«Эко» тактасы	Экологиялық әдеттер біздің отбасымыздың фото көрме.	04.2027ж	«Жолшы» МДҰ
ІІІ КЕЗЕҢ: Ұйымдастыру (мамыр 2027ж)				
1.	«Табиғат байлықтары» (білім сайысын өткізу)	Мақсаты: Табиғатты қорғау туралы мәлімет беріп , менгерту, танымдық қабілетін арттыру; есте сақтау, қору қабілеттері дамыту; ой –өрісін кеңейту. Табиғатты сүйеге және ұқыпты ұстауға тәрбиелеу; қазақ халқының табиғатты қорғау дәстүрлерін үлгі алуға шақыру, эстетикалық сезімдеріне баулу.	05.2027ж	«Жолшы» МДҰ
2.	«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтуға тілі жоқ...»	Жоба бойынша бейнероликтер дайындау және әлеуметтік желілерде жариялау	05.2027ж	«Жолшы» МДҰ
3.	«Жасыл балабақша»	«Жасыл балабақша» пилоттық жобаны іске асыру бағытында атқарылған іс-әрекет жұмыстарын жинақтау және талқылау	05.2027ж	«Жолшы» МДҰ

Өткізілетін іс-шара

1.	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы	Ата –аналармен жұмыс:шеберлік сағаттарын, колөнершілер фестивальдерін	04.2026 ж	«Жолшы» МДҰ
2.	Барқын – Ойыл Швейцариясы.	Мақсаты:Экскурсия Өңірлік жасыл әлеміміз туралы тәрбиеленушілерімізге мағлұмат беру. Неліктен Барқынды Швейцарияға тенеітінін түсіндіру.	09.2026 ж.	«Жолшы» МДҰ
3.	«Эко декор»	Мақсаты: Қалдық заттардан, қайта өңделген заттардан бұйымдардан жасақтау.	12.2026ж	«Жолшы» МДҰ
4.	«Эко» тақтасы	Мақсаты: Жобанын жұмыстарын белсенді орындаған ата-аналар, педагогтар арасынан , үздік жұмыс жетістіктерін жариялау.	04.2027ж	«Жолшы» МДҰ
5.	«Біз - экологңыз»	экочелленджін	05.2027 ж	«Жолшы» МДҰ

Пайдаланған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

- 1.«Экология негіздері» — Ж.Қ.Рахымбаева, Ж.Р. Саятова, А.Т.Қазыбаева;
2. «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларға экологиялық тәрбие беру» әдістемелік ұсынымдар. Астана, 2023.
- 3.«Жасыл технология элементтері» – ҚР БҒМ ұсынған әдістемелік құралдар жинағы.
4. «Адам экологиясы, денсаулығы және өмірлік дағдылары» Әбшенова Л.Ү , Заирова Б
5. «Қазақстанның өсімдіктер әлемі» Ивашенко А.А
6. «Ойыл» С.Бақтыгерейұлы
7. Интернет жүйесі.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты».
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» .
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы».